

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің мәртебесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 жылғы 9 қаңтар N 1059. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.07.05. N 648 Жарлығымен. ~U010648

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің интеллектуалды әлеуетін неғұрлым толық пайдалану, ғылыми, ғылыми-педагог кадрларын және халық шаруашылығына мамандар даярлауға қосатын үлесін ұлғайту, оқу және ғылыми-зерттеу процесін басқаруды демократияландыру мақсатында "Білім беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне өзін-өзі басқаратын автономды мемлекеттік жоғары оқу орны мәртебесі берілсін және ол бұдан былай Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университеті деп аталсын.

2. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетіне:

- университеттің құрылымы мен штатын, профессор-оқытушы құрамы мен қызметкерлер санын, олардың еңбегіне ақы төлеудің шарттары мен мөлшерін дербес белгілеу;

- мамандар даярлаудың жаңа бағыттарын, студенттер, стажерлер, аспиранттар және докторанттар қабылдаудың жоспарлары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды оқыту мерзімдері мен нысандарын белгілеу;

- университетте оқытылатын барлық мамандық бойынша оқу жоспарларын, бағдарламаларды және басқа оқу-әдістемелік құжаттарды университеттің Ғылыми кеңесінде бекіту;

- Қазақстан Республикасы ЖАК рұқсат етуімен Ғылыми кеңесте университеттің оқытушыларына ғылыми атақ беру жөнінде түпкілікті шешім қабылдап, тиісті аттестат тапсыру және ҚазМУ-дың мамандандырылған Кеңестерінде диссертациялар қорғау нәтижесі бойынша ғылыми дәреже беру;

- шет ел ұйымдарымен төте шарттар мен контракттар жасасу, ынтымақтастықтың экономикалық шарттарын, оның ішінде уағдаластық бағаларды анықтау, бірлескен шағын кәсіпорындар, уақытша ғалым мамандар ұжымдарын құру, халықаралық бірлестіктердің, ұйымдардың қызметіне қатысу, шетелдің ЭЕМ желілерімен және банктерімен байланыс орнату хұқығы берілсін.

Университетке оның жарғысына сәйкес Қазақстан Республикасының

қолданылып жүрген заңдарына қайшы келмейтін басқа да мәселелерді шешу хұқығы берілсін.

3. ҚазМУ-дың толық шаруашылық қарауына барлық негізгі қорлар (үйлер, ғимараттар, ағаш өсіп тұрған жер учаскелері, оқу-лаборатория корпустары, жатақханалар мен тұрғын үйлер, спорт-сауықтыру кешені, оқу-ғылыми жабдықтар, есептеу техникасы, көлік, байланыс құралдары және басқа қорлар) мен айналым қаржылары берілсін, оларды бұдан былай тек университет қана толық иемденеді, пайдаланады және иелік жасайды.

4. Университеттің ғылыми-зерттеу және оқу процесін ұйымдастыру деңгейін көтеріп, ғылыми-лаборатория базасын нығайту үшін Министрлер Кабинеті 1993-1995 жылдары университетке жабдықтар мен ғылыми приборлар сатып алуына еркін айналымдағы валютада қажетті мөлшерде қаржы бөлінуін көздейтін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚазМУ-дың оқу-материалдық базасын нығайту туралы арнайы қаулы қабылдасын, онда Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің екінші кезегін салуды жеделдету көзделсін.

6. Университет оқытушылар мен қызметкерлерді, оның ішінде шет елдердің мамандары мен ғалымдарын жұмысқа жалдаудың конкурс-контракт жүйесін енгізісін. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен бірлесіп қызметкерлермен, оның ішінде профессор-оқытушы құраммен контракт жасау және бұл жүйені университеттің бөлімшелеріне жұмысының ерекшеліктері мен өзгешеліктерін ескере отырып енгізу тәртібін әзірлейтін болсын.

7. Қаржы министрлігі, республикалық "Қазконтракт" корпорациясы 1993 жылдан бастап университетті жеке нормативтер жөніндегі бюджет қаржысы есебінен жеке бөліп мақсатты қаржыландыруды және орталықтандырып материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырсын.

8. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің

Қамқоршылар кеңесін құру туралы ұсыныс қабылдансын.

Университет бір айлық мерзімде Қамқоршылар кеңесі туралы ережені әзірлеп, Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

9. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің ректорын Қазақстан Республикасының Президенті университет Кеңесі ұсынған кандидатуралар арасынан бекітеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК